www.wordlyknowledge.uz Volume: 2, Issue: 1, 2023

БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОН БІР БУЫНДЫ ӨЛЕҢДЕР

Ш.Алдонгарова
Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті магистранты

Аннотация: Мақалада Б. Бабажанұлы поэзиясындағы буын өлшемдері, силлабикалық қара өлең ұйқасы туралы, ақынның «Сапар», «Этнографиялық өлең», «Менің ағаларым» өлеңдеріндегі буын саны талданады.

Аннотация: В статье рассмотрены слоговые размеры в поэзии Б. Бабажанулы, силлабической снежной поэме, стихотворениях поэта «Сапар», «Этнографическая поэма», «Мои братья»

Annotation: In the article, syllable sizes in B. Babazhanuly's poetry, syllabic snow poem, poet's poems "Sapar", "Ethnographic Poem", "My Brothers".

Кілт сөздер: Қара өлең ұйқасы, он бір буынды өлең, әзіл, әжуә, қоғам, жеті буынды өлең, аралас буын түрлері.

Ключевые слова: Черные стихи, одиннадцатисложные стихи, анекдоты, анекдоты, общество, семисложные стихи, смешанные слоговые типы

Keywords: Black poems, eleven-syllable poems, jokes, jokes, society, seven-syllable poems, mixed syllable types.

«Силлабикалық өлең атаулының бәріндегі, оның ішіндегі қазақ өлеңіндегі поэзиялық қасиеттің көбі буында жатыр. Өлеңді өлең ететін ырғақ болса, қазақ өлеңіндегі күллі ырғақ буынмен үндес» (1) -деген З. Қабдоловтың пікіріне сүйенсек, қазіргі қазақ өлеңінің буынын бажайлап қарап, абайлап санау біздің міндетіміз. Он бір буынды өлеңді қазақ өлеңінің қашаннан келе жатқан көне түрі деп алып қарасақ, ақын Бауыржан Бабажанұлының өлеңдері көпшілік ақындардың көшіне ілескен дәстүр екеніне анық көз жеткіземіз. «Қара өлең демекші, он бір буынды өлеңді Ш. Уәлиханов үш түрге бөліп, той думанда, ойын-сауықта айтылатын әр шумағы төрт тармақты әзіл, әжуә, жұмбақ айтыс өлеңдерін-қайым өлең, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу сияқты ұзақ дастанмен хиссаларды қара өлең, өз тұсындағы ақындар қолданып жүрген өзге мақыштың бәрін өлең» деп атағаны мәлім. (2)

Бауыржан ақынның «Сапар» өлеңінде:

3 4 4

Құс үркіп,| дүбірімнен |жылан қашып,

3 4 4

Көзімде | қараңғы мен | нұр арбасып.

3 4 4

Қиқулап | ел шетіне | іліккенде

3 4 4

www.wordlyknowledge.uz Volume: 2, Issue: 1, 2023

Тұр екен | айналаны | тұман басып,-десе,

«Жиналыс» атты өлеңінде:

3 4 4 (5)

«Біздің ой | жұртта қалған | көне тонды ой

3 4 4

Ендеше | үнсіздікті | жөн етем де

3 4 4

Ақылды | ағалар бар | олар айтса,

3 4 4

Парақор, | жемқор деген | көп екен ғой-дегенде, бас бунағы үш буыннан басқа бунақтары төрт буыннан түзілген қатарды көреміз. Ал, төмендегі шумақтарда үшбуынды бунақтар әр жолдың аяғына сусып шығып, ырғақ қана емес, ұйқас арқылы үндесе жымдасқанын көреміз:

4 4 3

Қорқақтыққа | алдырыппын | бекер бой,

4 4 3

Қиын кейде | басқа ақыл | қонбаса.

4 4 3

Әй, өзім бір | мықты жігіт | екем ғой

4 4 3

Анда-санда | лағатыным | болмаса

(«Терісаққан»)

4 4 3

Қайран басым | болған кезде | бір әлек,

4 4 3

Жалғай алмай | көп ойлардың | үзігін

4 4 3

Пайғамбардан | қалған маған | мұра деп,

4 4 3

Тақтым қолға | Сүлейменнің | жүзігін.

(«Сүлейменнің жүзігі»).

www.wordlyknowledge.uz Volume: 2, Issue: 1, 2023

Ақын өлеңдерінде үш буынды бунақ түп-түгел өлең тармағына көшіп кеткен тұстары да баршылық. Мысалы:

4 3 4

Ана жылы, | қиналып... | амалдап ек

4 3 4

Уақыт басқа | бұл күнде | заман бөлек.

4 3 4

Інім де бар, | жаныма | еріп жүрер

4 3 4

Маңдайымнан | сипайтын | ағам да көп.

(«Менің ағаларым»)

4 3 4

Бір кафеге | соққасын | үш айнала

4 3 4

Аяғымды | сөз бенен | тұсайды аға

4 3 4

Бас бәйгені | алып-ақ | кетеді екем

4 3 4

Келмей қаппын | анада | мүшәйраға.

Жоғарыдағы мысалдарда біз жалпы заңдылыққа сүйене отырып, буын санын анықтадық. Қазақ өлеңінде бұл қалып сақталып, бір орында тұрып қалады деу орынсыз. Себебі, басқаларды былай қойғанда он бір буынды өлеңнің өзі сан құбылады.

Бауыржан Бабажанұлы да өз өлеңдерінде буын санын құбылта отырып, жүректен шыққан сөз иірімдерін, оқырмағынан өз ойын жетесіне жеткізе отырып, сіңдіруге әрекет жасаған. Мұны «Этнографиялық өлең» атты өлеңі мысалында анық көруге болады:

«Жер сатамыз...» (4)

Тулады | көнбей бауыр (7)

Бірақ желді | қоймайды | жеңбей дауыл... (11)

Біраз ауыл | қаңырап... (7)

Онда не тұр? (4)

Билік дұрыс | айтады: | «Өлмейді ауыл» (11 (12)

Мінбелерден | келтірер | күштім дерек (11)

«нарықты | әбден игердік...» (8)

www.wordlyknowledge.uz Volume: 2, Issue: 1, 2023

Пістім демек (4)

Қазақ тілін (4)

Қой, енді | ұят болар (5 (6)

Билік дұрыс | айтады: | «Үш тіл керек» (11)

Қазақ өлеңіндегі алғашқы үш жолдың он бір буынды, соңғы жолдағы буын саны жетеу болуы ертеден келе жатқан заңды құбылыс екендігін ескерсек, Бауыржан ақын алдыңғы аға буынның көшіне дәл ілесіп келе жатқанын аңғарамыз.

Мағынасы бүгінгі қоғам мен ішкі көңіл-күйді ұғындырған, тақырыбы да «Бүгінгінің ақыны» аталатын мына өлеңге назар аударалық:

Сәл бірдеңе | түссе болды | қазанға (11)

Және түбі | көрінбесе | қапшықтың (11)

Әркім барын | шығарады | базарға (11)

Мен жырымды | ап шықтым (7)

Қорыта айтар болсақ, Бауыржан Бабажанұлының өлеңдері тек он бір буынмен шектелмейді. Он бір буынды, алты, жеті, сегіз, аралас буындардың барлық түрі кездеседі.

Түрлі тақырыпты өлеңдеріне арқау еткен ақын, әдебиетке әлі де жаңа серпін, тың өзгеріс, үлкен жаңалық әкеледі деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. З. Қабдолов «Сөз өнері» Санат-Алматы, 2007
2. Б. Бабажанұлы «Ниетқабыл» Алматы, 2014
3. Ч. Ч. Валиханов Соч СПБ 1904